



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаты
М.Б. Қадырбекке

2023 жылғы 17 наурыздағы № 16-13-94 Д/С

Құрметті Мұрат Болатұлы!

Сіздің Түркістан облысындағы басым жобаларды толыққанды қаржыландыруға қатысты сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

2023 жылға бекітілген республикалық бюджетте Түркістан облысының инвестициялық жобаларын іске асыруға 5,4 млрд теңге сомасында шығыстар көзделген.

2023 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау шеңберінде Республикалық бюджет комиссиясының 2023 жылғы 28 ақпандағы № 5 шешімімен облыстың инвестициялық жобаларын іске асыруға 9,1 млрд теңге сомасында қосымша шығыстар қолдау тапты, атап айтқанда, әкімшілік-іскерлік орталықта инженерлік инфрақұрылым салуға – 6 млрд теңге, мұз сарайын салуға және «Әзірет-Сұлтан» музей-қорығының аумағын абаттандыруға – 2,5 млрд теңге, Сауран ауданында әкімшілік ғимараттар салуға - 0,6 млрд теңге.

Түркістан облысының жобаларын одан әрі қаржыландыру мәселесі 2024 - 2026 жылдарға арналған республикалық бюджеттің жобасын қалыптастырғанда кезеңдік тәртіппен қаралатын болады.

Ә. Смайылов